

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

19 мамыр 2016 жыл

18-19 мамырда Алматы қаласында, Қазақстан қор биржасымен (KASE) және "ИРБИС" агенттігімен ұйымдастырылған, қор нарығы бойынша Invest Show 2016 жыл сайынғы көрмесі болып өтті.

Екі күнде бұл іс-шараға 2 000 астам делегат, соның ішінде алыстағы және таяудағы шетелден келген қонақтар қатысып, 100 астам компаниялар көрсетіліп, 40 астам спикерлер сөз алды.

Іс-шараның мақсаты тиімді диалогтық алаңын құрып, соның шегінде түрлі деңгейдегі компаниялар өз жоспарларымен бөлісіп, капитал тарту мақсатында бизнес-жобаларын көрсетті, ал әлеуетті инвесторлар – қаржы салу бойынша перспективті ұсыныстармен таныстырды.

Биылғы жылы көрменің бірінші күні стартаптар тақырыбын талқылауға арналды. **"Қаржылық белгісіздік жағдайында әлеуетті өсуі жоғары компанияларға инвестициялар"** панелдік сессиясы шегінде спикерлер стартап-жобаларына қаржылар тартудың және инновациялық жобаларды мемлекеттік және жеке қолдау формаларының және Қазақстандағы стартаптарды қаржыландыру инфрақұрылымын дамыту перспективаларының көкейкесті проблемаларын талқылады.

Осы күні стартап-жобаларының байқауы өтті, қазылар алқасы 16 жобаның арасынан ең перспективтісі – "KazMotors" мобильді қосымша арқылы автокөлік бөлшектерін сатып алу және сату жобасын таңдады. Байқаудың жеңімпазы 500 000 теңге тұратын "Most" жас кәсіпкерлер клубында оқудан өту мүмкіншілігіне және бизнес періштелердің жабық клубына рұқсаттама алды, сондай-ақ Invest Show 2017 тегін қатысу мүмкіншілігіне иеленді. Қазылар алқасы бизнес періштелердің коммерциализациясын атап өтіп, мәлімделген стартаптардың көбін ынтымақсатыққа шақырды.

Екінші күннің бағдарламасы Қазақстанның қор нарығының мәселелеріне фокусталды. **"Қазақстандағы қор нарығы: қайта жүктеу, инвесторлар үшін жаңа мүмкіншіліктер"** панелдік сессиясының қатысушылары Қазақстанның бағалы қағаздар нарығының даму перспективалары туралы өз пікірлерімен бөлісіп, қаржы нарығындағы және реттеу жүйесіндегі реформалардың әрі қарай тереңдетілу механизмдерін талқылады. Өнеркәсіпті несиелендіруге банктердің қызығушылығының төмендеу жағдайында бағалы қағаздардың отандық нарығы экономиканың нақты секторына елеулі қолдау қарастыратыны айтылды. Өз қызметін халықаралық стандарттарға сәйкес жүзеге асыратын, Қазақстан қор биржасы бағалы қағаздар эмитенттері мен инвесторларға кең мүмкіндіктер ұсынуға тырысады. Бұл ретте, соңғы кездері өнеркәсіптік кәсіпорындарға, соның ішінде орта бизнес субъектілеріне және бөлшек инвесторларға, ерекше көңіл бөлініп отыр.

"Биржадағы листинг компанияларға инвесторлардың көзінде тартымдырақ көрінуге және қосымша, диверсификацияланған, соның ішінде акцияларды орналастыру арқылы, қаржыландыру алуға мүмкіндік береді. Халықтық IPO бағдарламасы барысында еліміздегі бөлшек инвесторлардың саны екі қатарға өсті. Үстіміздегі жылдағы ұлттық валютаның нығаюы бос теңгенің көлемі өсуіне әкеп соқтырды. Адамдар мен компаниялардың теңгелік құралдарға қызығушылығы пайда болды. KASE осы қызығушылықты қанағаттандыра алады", – деді өз сөзінде KASE Басқармасының Төрайымы Алина Алдамбергін.

Осы іс-шараның екінші күнінде өткен Қазақстан қор биржасының баспасөз-брифингі шегінде, екінші санат бойынша KASE листингі процедурасынан өткен, жаңа эмитенттердің бірін таныстырды.

Көрменің бірінші және екінші күндері болып өткен, лекциялық сессиялар қатысушылардың назарынан тыс қалмады, мұнда қор нарығының жетекші сарапшылары және бизнес-кеңесшілер капиталды тарту және инвестициялау туралы, соның ішінде қорландыру көздерін іздеу, листингілік компаниялардың ақпараттар ашуы, инвестициялау құралдары таңдау және көптеген басқа сұрақтар бойынша өз білімдерімен бөлісті.

Іс-шара қорытындысы бойынша Invest Show 2016, қор нарығының кәсіпқойларының, қаржыгерлерінің, инвестициялық кеңесшілердің, кәсіпкерлердің және жетекші қазақстандық компаниялардың топ-менеджерлерінің басын қосып, Қазақстанның бағалы қағаздар нарығының басты уақиғасы мәртебесін растады.

Көрме ұйымдастырушылары осы көрмеге қатысушыларды және келесі жылда болатын көрменің жаңа қатысушыларын асыға күтіп, іс-шараның ақпараттық серіктестері – "Бизнес&Власть", "Курсивъ", "Капитал" газеттеріне, "And.kz" ақпараттық-аналитикалық порталына, "Реальный Бизнес Казахстана" журналына, порталы "LS" қаржылық журналы және іскерлік порталына, журналы "Exclusive", "Бизнес Life" журналына, "Kazakhstan" іскерлік журналына, "investkz.com" инвестпорталына, "Vlast.kz" интернет-журналына, "Деловой Казахстан" газетіне және "DK News" ақпараттық агенттігіне алғысын айтады.

####

Анықтама үшін

2012 жылдан бастап 2014 жылға дейін KASE қазақстандық бағалы қағалы қағаздар нарығына бөлшек инвесторларды тарту бойынша КИМЭ Университетінде "Қазақстанның қор нарығының ашық есіктер күні" іс-шарасын өткізіп отырған. Іс-шараға қазақстандық брокерлік компаниялар және екінші деңгейдегі банктер, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қарлығы қызметтерді тұтынушылардың құқығын қорғау комитеті, "Алматы қаласы өңірлік қаржы орталығының академиясы" АҚ және "ДАМУ" Кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ қатысқан.

2015 жылы "Қазақстанның қор нарығының ашық есіктер күні" іс-шарасының атауы Invest Show деп өзгертіліп, кең ауқымды аудиторияны қамтыған, қор нарығы бойынша көрмеге айналды.

Биылғы жылдағы Invest Show форматы көрмеден басқа, эмитенттер мен инвесторларға арналған екі панелді лекция өткізілген, форумды қарастырған.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz